

«Абай ілімі» пәні бойынша қорытынды бақылау бағдарламасы

Тезис

1. «Абай ілімі» пәні: мақсаты, міндеттері, пәнді оқудан күтілетін нәтижелер.

Пән Абай ілімінің жалпы сипаттамасынан, оны қоғам дамуының қазіргі кезеңінде білудің, түсінудің және қолданудың өзектілігі мен зәрулігі, ағымдағы жағдай және Абай ілімін қоғам өмірінің барлық салалары мен деңгейлерінде білуді, қолдануды тежейтін факторлар, қоғам дамуының қазіргі кезеңінде Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың тиянақты жолы, басты мақсаттар мен міндеттер, оларды іс жүзінде асырудың тетіктері, күтілетін нәтижелер, күтілетін нәтижелердің әлеуметтік маңызы туралы негіздемелерден тұрады.

Абай ілімін, оқу пәнінің мазмұнын негіздеу, оны оқытудағы мақсаттарды іс жүзіне асыру, оқытудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу білім, тәрбие алушылардың адамшылық қасиеттері мен шығармашылық ойлау қабілеттерінің дамуына, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды отандық және ілімдік, ақыл-ой кеңістігінде игеруіне, кейінгі буындағы ұрпаққа байытып жеткізуіне негіз болады.

Пәннің мақсаты мен міндеттері. Пәннің мақсаты – Абай ілімін қоғамдық өмірде білудің, түсінудің және қолданудың концептуалдық қағидаларын, оларды іс жүзіне асырудың теориялық тетіктерін анықтау. Абай ілімін қолданудың концептуалдық қағидаларын, оларды іс жүзіне асырудың теориялық тетіктерін анықтау мақсатында мына міндеттерді шешу арқылы қол жетеді деп күтіледі:

1. Абай ілімінің бүгінгі және келер заман үшін өмірлік маңызы мен мәнін пайымдау;
2. Абай ілімінің қабылдау, білу, түсіну, есте сақтау, қолдану мақсаттарының иерархиялық жүйесін, Абай таксономиясының концептуалдық моделін жасау;
3. Абай ілімінің құрамдас бөлімдерін, олардың құрылым-жүйесін, мазмұнын анықтау;
4. Абай ілімінің негіздерін анықтау, олардың мәнісін ашу:
 - қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің құндылықтарымен байланысты;
 - Шығыс мәдениетінің құндылықтарымен байланысты;
 - Батыс мәдениетінің құндылықтарымен байланысты.
5. Абай ілімінің концептуалдық құрылым-жүйесін үлгіге түсіру:
 - А) асыл іске бастайтын қасиеттерді білдіретін категориялардың әрқайсысының ғылыми сипаттамасын негіздеу: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым.
 - Ә) жаман іске бастайтын қасиеттерді білдіретін категориялардың әрқайсысының ғылыми сипаттамасын негіздеу: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ.
6. Абай ілімінің қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынас сипаты туралы қағидаларының мәнісін ашу:
 - ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынас сипаты;
 - ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас сипаты;
 - аға мен іні арасындағы қарым-қатынас сипаты;
 - үлкен мен кіші арасындағы қарым-қатынас сипаты;
 - дос пен дос арасындағы қарым-қатынас сипаты;
 - дос пен дұшпан арасындағы қарым-қатынас сипаты;
 - басшы мен бағынышты арасындағы қарым-қатынас сипаты;
 - адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынас сипаты;
 - жеке адам мен көп арасындағы қарым-қатынас сипаты;
 - адамдар арасындағы қарым-қатынас сипаты.
7. Абай ілімінің өлшеу құралының моделін анықтау, оның ғылыми сипаттамасын жасау:
 - Абайдың әрбір жақсы нәрсені өлшеу құралының моделін өрнектеу;
 - әрбір жақсы нәрсенің үш деңгейінің сипаттамасын жасау:
 - А) бастапқы (орта жақын шамасы) деңгейінің сипаттамасы;
 - Ә) орта (орта шамасы) деңгейінің сипаттамасы;
 - Б) аяққы (ортадан асыңқы шамасы) деңгейінің сипаттамасы.

Пәнді оқытудан күтілетін нәтижелер:

- Қазақстанның білім, тәрбие беру ісінің сапасын жақсартады;

- білім, тәрбие алушылардың ақыл-ой байлығын арттырады;
- қоғам мүшелерінің тарихи есін, азаматтық тұрғысын, адамға, халыққа, қоғамға, мемлекетке, Отанға деген құрметі мен сүйіспеншілігін шынайы қалыптастыруға негіз болады;
- қоғамның интеллектуалдық әлеуетін арттырады;
- мемлекеттің қауіпсіздігін нығайтуға қызмет етеді.

2. Ілім, Абай ілімі туралы түсінік.

Ілім – араб тілінде «білу», ал терминдік сөздіктерде ілім – «Шындық пен оқиғаны дәл жеткізетін хабар мен көзқарас» (Журжани, эт-Тарифат, Бейрут, 1985, 160 б.). Ал білім – адамдардың белгілі бір жүйедегі ұғымдарының, деректері мен пайымдауларының, т.б. жиынтығы.

- Білім ілімнің кішігірім сипаттамасы.
- Ілім білімдердің жиынтық мағынасы.
- Білім – рухани азық.
- Ілім – сол рухани азықтан құралған бүтінді сипаттайтын «ғылым» мағынасындағы сөз.

«Ғылым – алланың бір сипаты, ол хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық һәм адамдық дүр» (Отыз сегізінші сөз), «Ғылымның бір аты – ақыл» (сонда), «Әуелі адамның адамдығы ақыл, ғылым деген нәрселерменен» деп білген Абай елінің ертеңін білім мен ғылыммен байланыстырды; сондықтан да халқын оқуға, білім алуға, ғылымды үйренуге шақырды.

Абай ілімі – адам өмірінің мәні туралы терең мағыналы қағидалар мен көзқарастардан, ұстанымдардан тұратын және ұлттық рухани қазынаға айналған бірбүтін рухани құндылықтар жүйесі.

Абай ілімі – елдің, мемлекеттің, қоғамның мәдени рухы, Қазақстан Республикасының рухани болмысының биік үлгісі. Абай ілімінің қағидаларын қоғамның, мелекеттік басқару және атқару жүйесінің басты құндылығына, өмірлік ұстанымына айналдыру білім алушылардың, қоғам мүшелерінің, мемлекет қызметшілерінің ақыл-ойын, жан-дүниесін байытады, тарихи есін, азаматтық тұрғысын, елге, мемлекетке, Отанға деген құрметі мен сүйіспеншілігін шыңдайды.

Абай ілімінде түйсіну, қабылдау, талаптану, білу, білгенді түсіну, түсінгенді есте сақтау, еске түсіру, ойлау, қолдану сияқты танымдық үдеріс психологиясының тұтасқан иерархиялық жүйесі бар. Ол жүйе Абай ілімі арнасында арнайы зерттеліп, анықталған емес. Абай іліміндегі түйсіну, қабылдау, талаптану, білу, білгенді түсіну, түсінгенді есте сақтау, еске түсіру, ойлау, қолдану сияқты танымдық үдеріс психологиясының тұтасқан иерархиялық жүйесін анықтаудың және оны қолданудың ғылыми-әдістемелік негізі мен теориялық тетіктерін жасаудың Тәуелсіз Қазақстан үшін өмірлік маңызы зор.

Абай ілімін баламасыз рухани құндылық ретінде, оқу пәні ретінде білім және тәрбие беру ісінің барлық деңгейлері мен қоғамдық өмірдің барлық салалары бойынша қолданудың ғылыми негізі мен тетігін жасаудың әлеуметтік маңызы зор. Абай ілімін оқу пәнінің мазмұнын негіздеу, оны оқытудағы мақсаттарды іс жүзінде асыру, оқытудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу білім, тәрбие алушылардың адамшылық қасиеттері мен шығармашылық ойлау қабілеттерінің дамуына, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды отандық және әлемдік ақыл-ой кеңістігінде игеруіне, кейінгі буындағы ұрпаққа байытып жеткізуіне негіз болады.

Абай ілімін білу, түсіну, қолдану бағытында жүргізілген ғылыми-зерттеу нәтижелері білім беру-білу процестерінің кезеңдерін зерделеудің байырғы үлгілері ХІХ ғасырда Абайдың білім концепциясында көрініс тапқанына көз жеткізді.

3. Абай ілімінің маңызы мен мәні.

Абай ілімінде түйсіну, қабылдау, талаптану, білу, білгенді түсіну, түсінгенді есте сақтау, еске түсіру, ойлау, қолдану сияқты танымдық үдеріс психологиясының тұтасқан иерархиялық жүйесі бар. Ол жүйе Абай ілімі арнасында арнайы зерттеліп, анықталған емес. Абай іліміндегі түйсіну, қабылдау, талаптану, білу, білгенді түсіну, түсінгенді есте сақтау,

еске түсіру, ойлау, қолдану сияқты танымдық үдеріс психологиясының тұтасқан иерархиялық жүйесін анықтаудың және оны қолданудың ғылыми-әдістемелік негізі мен теориялық тетіктерін жасаудың Тәуелсіз Қазақстан үшін өмірлік маңызы зор.

Абай ілімін баламасыз рухани құндылық ретінде, оқу пәні ретінде білім және тәрбие беру ісінің барлық деңгейлері мен қоғамдық өмірдің барлық салалары бойынша қолданудың ғылыми негізі мен тетігін жасаудың әлеуметтік маңызы зор. Абай ілімін оқу пәнінің мазмұнын негіздеу, оны оқытудағы мақсаттарды іс жүзіне асыру, оқытудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу білім, тәрбие алушылардың адамшылық қасиеттері мен шығармашылық ойлау қабілеттерінің дамуына, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды отандық және әлемдік ақыл-ой кеңістігінде игеруіне, кейінгі буындағы ұрпаққа байытып жеткізуіне негіз болады.

Абай ілімі – елдің, мемлекеттің, қоғамның мәдени рухы, Қазақстан Республикасының рухани болмысының биік үлгісі. Абай ілімінің қағидаларын қоғамның, мемлекеттік басқару және атқару жүйесінің басты құндылығына, өмірлік ұстанымына айналдыру білім алушылардың, қоғам мүшелерінің, мемлекет қызметшілерінің ақыл-ойын, жан дүниесін байытады, тарихи есін, азаматтық тұрғысын, елге, мемлекетке, Отанға деген құрметі мен сүйіспеншілігін шыңдайды.

Абай ілімін қоғам дамуының қазіргі кезеңінде білудің, түсінудің және қолданудың өзектілігі қоғамның рухани-әлеуметтік сұраныстары мен талаптарына сай анықталады. Абай ілімі – елдің, мемлекеттің, қоғамның мәдени рухы, Қазақстан Республикасының рухани болмысының биік үлгісі.

Абай әлемде не болып жатқанынан бейхабар халқын өзгелерден қалып қоймас үшін өнер-білімге шақырады. Тіпті, өнер-білімді үйренудің әдістемелік жолдарын да көрсетіп береді:

«Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші — сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселі нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер».

4. Абай ілімінің концептуалдық моделі.

1. I. Абай ілімінің құрамдас бөлімдері

2. 1. Ақыл 2. Қайрат 3. Жүрек.

1. Ақыл

1.1. Сипаттары

1.1.1 Ақылдың тоқтаулылығы;

1.1.2 Ақылдың ар мен ұятқа беріктігі;

1.1.3 Ақылсыз пайданы іздеуге болмайды;

1.1.4 Ақылсыз залалдан қашып құтылу мүмкін емес;

1.1.5 Ақылсыз ғылымды ұғып, үйрену жоқ;

1.1.6 Ақылсыз ешнәрсе табылмайды;

1.1.7 Ақыл ненің пайдалы, ненің залалды екенін біледі;

1.1.9 Ақыл сөзді ұғады;

1.1.9 Ақыл тәңіріні танытады;

1.1.10 Ақыл екі дүниенің жайын біледі.

1.2. Категориялары

1.2.1 Таным;

1.2.2 Білім;

1.2.3 Терең ой;

1.2.4 Даналық.

2. Қайрат

2.1. Сипаттары

2.1.1 Дүниеде ешнәрсе қайратсыз кәметке жетпейді;

2.1.2 Адамның білуге ерінбей, жалықпай үйренуі – қайраттың ісі;

2.1.3 Құдайға лайықты ғибадат қылып, ерінбей, жалықпай орнына келтірмек – қайраттың ісі;

2.1.4 Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абұйыр, мансапты еңбекпен табу – қайраттың ісі;

2.1.5 Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын – қайрат;

2.1.6 Адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын – қайрат;

2.1.7 Қаруына қарай қаттылығы да бар;

2.1.8 Пайдасы да, залалы да мол;

2.1.9 Кейде жақсылықты берік ұстайды, кейде жамандықты берік ұстайды.

2.2 Категориялары

2.2.1 Тоқтаулылық;

2.2.2 Талаптылық;

2.2.3 Шыдамдылық

3 Жүрек

3.1 Сипаттары

3.1.1 Жүрек – адамның денесінің патшасы;

3.1.2 Қан жүректен тарайды;

3.1.3 Жан жүректе тұрады;

3.1.4 Жүрексіз тіршілік жоқ;

3.1.5 Адамға жақсылық ойлататын, басқаларға жанын ашытатын – жүрек;

3.1.6 Ұят сақтатып, рақым қылдыратын – жүрек;

3.1.7 Адам баласын алаламайды;

3.1.8 Жақсылыққа елжіреп, ериді;

3.1.9 Жаманшылыққа жиреніп, тулап кетеді;

3.1.10 Әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық жүректен шығады т.б.

3.2 Категориялары

3.2.1 Әділет;

3.2.2 Нысап;

3.2.3 Ұят;

3.3.4 Рақым;

3.3.5 Мейірбаншылық

3. II. Абай ілімінің негіздері

1. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің құндылықтары

2. Шығыс мәдениетінің құндылықтары

3. Батыс мәдениетінің құндылықтары

4. III. Абай ілімінің басты категориялары

1. Бес асыл іс категориялары

1) талап

2) еңбек

3) терең ой

4) қанағат

5) рақым

2. Бес жаман іс категориялары

1) өсек

2) өтірік

3) мақтаншақ

4) еріншек

5) бекер мал шашпақ

5. Абайдың кісілік кодексі

1. Құдайдан қорық, пендеден ұял
2. Адал жүріп, адал тұр
3. Досыңа достық – қарыз іс
4. Дұшпаныңа әділ бол
5. Мықты болсаң,өзіңнің нәпсіңді жең
6. Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста
7. Ақырын жүріп, анық бас
8. Пайда ойлама, ар ойла
9. Әсемпаз болма әрнеге
10. Ғылым таппай мақтанба
11. Кісіге біліміне қарай болыстық қыл
12. Жан аямай кәсіп қыл
13. Ісім өнсін десең, ретін тап
14. Бес нәрсеге асық бол:
 - талап
 - еңбек
 - терең ой
 - қанағат
 - рақым
15. Бес нәрседен қашық бол:
 - өтірік
 - өсек
 - мақтаншақ
 - еріншек
 - бекер мал шашпақ
16. Жүрегіңнің түбіне терең бойла
17. Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп
18. Өзінді өзің күзет
19. Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегіңді сау.

6. Әр жақсы нәрсенің орта шамасы туралы Абайдың қағидалары.

Абайдың әрбір жақсы нәрсені өлшеу құралының моделі, әрбір жақсы нәрсенің үш деңгейінің сипаттамасы:

- а) бастапқы (ортаға жақын шамасы) деңгейінің сипаттамасы;
- ә) орта (орта шамасы) деңгейінің сипаттамасы;
- б) аяққы (ортадан асыңқы шамасы) деңгейінің сипаттамасы.

Көңілде жақсы нәрсенің суретімен байланысты жақсы әсер, жаман нәрсенің суретімен байланысты жаман әсер қалады. Білім тиісті ақпарат түрінде осылай қабылданады. Адам бойындағы бес сезім арқылы қабылдау нәтижелері көңілде, ақыл-ес кеңістігінде өзіндік бай ақпарат әлеміне айналады. Бұл – өзінше бір танымдық үдеріс, когнитивтік процесс. Оның өзіндік қуаттары бар. Ол қуаттарды Абай жанның жибилі қуаттары деп біледі. Олар да бесеу:

- қиялдау қуаты;
- ойлау қуаты;
- елестету қуаты;
- есте сақтау қуаты;
- ескеру қуаты.

Бұлардың әрқайсысының өзіне тән қызметі бар. Мысалы, қиялдау, ойлау, елестету, есте сақтау қуаттары арқылы тапқан, меңгерген өнерді ұдайы тексеру, ескеру қажет. Олай етпеген, «көп заман ескермеген адамнан бағанағы өнердің өзінің ең қызықты, қымбатты жерлері жоғала бастайды. Онан соң көп заман өтсе, сол өнерді сақтайтұғын қуаттың өзі де жоғалады».

Абайдың танымдық үдеріс жүйесінің иерархиясында есте сақтау кезеңіне қатысы бар мына қағидаға назар аударайық: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп білген жақсы нәрселерін ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, соны адам десе болады».

Абай адам боламын деген жан үшін бес асыл іске (талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым) асық болуды, бес жаман істен (өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ) қашық болуды насихат етеді.

Бес асыл істің мәнісін, оған асық болудың жөнін білу – игілікті білім. Игілікті білімді табу, оны игеру, күнделікті тіршілікте қолданудың өлшеуін, әдісін, амалын меңгеру құтты білікке жеткізеді.

Абайдың ілімі жүйесінде әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі туралы қағидалардың алатын орны үлкен. Бұл саладағы қағидалардың жүйесі Абай ілімінің концептуалдық негіздерінің маңызды саласын түзеді.

Абай ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесін пайымдау, саралау, терең ойдың түбіне бойлау нәтижесінде әр жақсы нәрсенің, әр жақсы әрекеттің өлшемін көрсететін өлшеу концепциясын негіздеген, ақыл-ой таразысына салып, әділетпен сынау құралын жасаған. Әр нәрсе, әр әрекет ұғымы – нақты, затты нәрселер мен әрекеттерді, ақыл-ой әрекеттерін, мінез-құлық нормаларын, оларға қатысты ұғымдар мен түсініктерді қамтитын құбылыстардың әлемін құрайды. Олар тиісті белгілеріне қарай күрделі жүйелерге бөлінеді. Өлшеу дегенде, күнделікті тіршілікте заттың, нәрсенің ұзындығы мен енін, биіктігі мен тереңдігін, қашықтығын, салмағы мен көлемін, жылдамдығын өлшеу және өлшеу құралдары еске түседі. Нәрсенің, заттың, құбылыстың өлшемі мен мөлшері тиісті өлшеу құралдары арқылы анықталған. Ертеде түнге қалған жолаушылар бағдарын аспан әлеміндегі жұлдыздардың жүйесіне қарап барлаған. Жарық жұлдыздардың ортасында Темірқазық жұлдызы ғана бір орнынан қозғалмай, бір қалыпта тұрған. Түнгі жолаушы соған қарап, өзінің бағыт-бағдарын тура анықтаған. Темірқазыққа қарап анықтаған бағыт-бағдарынан не оңға, не солға ауытқымай, тура жүріп отырып, көздеген жеріне адаспай жеткен. Тиісті шаманы анықтаудың және одан ауытқымаудың бір үлгісі осындай.

Бұлар – нақты нәрселер мен заттардың тиісті бір белгілерін өлшеу мен мөлшерлеудің нақты құралдары. Ал әрбір жақсы нәрсенің, жақсы қасиеттің, соған сәйкес жасалатын әрбір жақсы іс-әрекеттің өлшеуі адымдап немесе құлаштап, болмаса таразыға тартып салмақтап, я болмаса денелеп, көзбен мөлшерлеп анықтауға келмейді. Әрбір жақсы нәрсенің, әрбір жақсы қасиеттің, соған сәйкес жасалған әрбір нақты іс-әрекеттің өлшеуі ақыл-ой таразысы арқылы ғана табылады. Әрбір жақсы нәрсенің, әрбір жақсы қасиеттің, соған сәйкес жасалған әрбір іс-әрекеттің өлшеуін білуде де Темірқазық секілді айнымайтын, оңға не солға, ары не бері ауытқымайтын, бағыт-бағдарды, тура шаманы дәл көрсететін Темірқазық жұлдызындай өлшеу құралы қажет.

Өмір жолы – тар соқпақ, бір иген жақ,
Иілтіп, екі басын ұстаған қақ.
Имек жолда тиянақ, тегістік жоқ,
Құлап кетпе, тура шық, көзіне бақ [1, 224], –

дейді Абай. Мұндағы ойдың айдыны басқа. Бірақ «құлап кетпе», «көзіңе бақ» ескертулерінің мәні әрбір жақсы нәрсенің өлшеуін білу туралы ойдың мәнімен алыстан шектесіп, тоғысып жатқанын аңғару қиын емес. Жалғызаяқ имек жолдың үстінде шаманы, өлшемді, мөлшерді білмеген немесе оны сақтай алмаған адам құлап кететіні белгілі. Өмір жолының астарлы бейнесі ретінде алынған «иген жақ» ерекше қасиеттің белгісін білдіреді. Имек болу, иілген қалыпта болу жолдың жақсы сипатын білдірмейді. Жалпы алғанда, имек, иілген қалып күнделікті тіршіліктегі табиғи заттардың ешқайсысының асыл қасиеті емес. Имек, иілген қалып – тұрмыс-тіршілікте қолдан жасалған бір ғана заттың асыл қасиеті. Ол – жақ. Жақтың жақ болуы оның иген, иілген қалпында. Онда тиянақтың, тегістіктің болмауында да асылдық бар. Абай іліміндегі өмір жолы дегеніміз – осы. Иілтіп екі басын

қақтың өзі ұстаған иген жақ сияқты тар соқпақ, тиянақ, тегістік жоқ имек жолда көзге бағып, құлап кетпей, тура шығу әр адым сайын тең ортадан не оңға, не солға ауытқымау, алға да асып кетпей, кейін де қалып қоймай, тепе-теңдікті бір қалыпты дәл сақтау арқылы ғана мүмкін болмақ. Бұл жерде де тартылыс күшінің бойынан ауытқымай, әр адымның, әр қозғалыстың өлшеуін білу және орта шаманы бір қалыпты сақтау туралы ойдың сарыны бар.

Абайдың өлшеу тетігіне адам баласы қашық болатын бес жаман істің (өтірік, өсек, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ) әрқайсысын жекелеп таразылағанда, олардың да қарама-қарсы мәндегі сыңары белгілі болады: бекер мал шашпақ – жомарт – сараңдық; еріншек – талапты – болымсыз, т.б. Бұлардың мағыналық қатынастарында басқа да реңктер бар. Мысалы, бекер мал шашпақ пен жомарттық арасындағы мағыналық реңк сипаты Абайдың өлшеу құралының үш деңгейі бойынша бірдей анықталады. Оны қайырымдылық категориясымен байланысты анықтау қолайлы: қайырымдылық жасамау — сараңдық; қайырымдылық жасау — жомарттық; өлшемнен артық қайырымдылық жасамақ бекер мал шашпаққа ұрындырады. Абай «бес жаман іс» деп көрсеткен бестің бірі «бекер мал шашпақ» ұғымымен сабақтас анықталатын екі ұғым белгілі болады: сараңдық ↔ жомарттық ↔ бекер мал шашпақ.

Абайдың шығармашылығында жаман деген істің өзі де өлшеу құралында үш өлшемде сарапталады. Мысалы, ақын адамның бес дұшпаны деп білген бес жаман істің бірі мақтаншақ туралы желілі ойларын тарата келіп, мақтаншақ адамдарды үшке бөледі: «Біреуі жатқа мақтанарлық мақтанды іздейді... Екіншісі өз елінің ішінде мақтанарлық мақтанды іздейді... Үшіншісі өз үйіне келіп айтпаса, яки аулына ғана келіп айтпаса, өзге кісі қостамайтын мақтанды іздейді» [2, 157]. Бұлардың біріншісі – надан, надан да болса адам; екіншісінің надандығы толық, адамдығы толық емес; үшіншісі – наданның наданы ләкин өзі адам емес. Ақын іліміндегі қарама-қарсы мағыналық қатынастағы адам мен надан категорияларынан наданды бөліп алып, оны Абайдың үш деңгейлі өлшем құралына салғанда, наданның мынадай үш деңгейлі халі белгілі болады: а) надан, надан да болса адам; ә) надандығы толық, адамдығы толық емес; б) наданның наданы ләкин өзі адам емес.

Надан, надандық өлшемінің деңгейлерін өзара сабақтас пайымдағанда, ақын ойының тереңінен көзге шалынып, көңілге елесі жеткен образды ұғымдар нақтыланады. Абай көрсетіп отырған үш деңгейдің алғашқысы бейнелі, кейінгі екі деңгей затты, нақты екені сипатталады. Абай өлшемінде затты, нақты көрсетілген кейінгі екі ұғым қатарынан бірінші деңгейде көрініс тапқан образды ұғымды даралағанда, «надан, надан да болса адам» көрсеткішінен кісі бойындағы надандандық пен адамдықтың бірдей шамадағы мөлшері туралы ұғым туатыны байқалады. Екінші шамада надандық толық сипатта көрінетіні, ал адамдықтың толық емес, кем екені, үшінші шамада кісі бойында надандық шектен асып кететіні, адамдыққа орын қалмайтыны белгілі болатыны сарапталады. Пайымдалған жайлардан Абайдың өлшеу құралы жақсыны да, жаманды да мөлшерлейтін әмбебап құрал екені туралы түсінік туады.

7. Абай ілімінің бастау-көздері.

Абай білімге ден қойып, араб, парсы, түркі тілдерін кітап арқылы үйренеді. Құнанбайдың семьясындағы діни пікірлер мен ғұрыптар, әкесінің үстемдігінің күшін – Абайдың ислам әдет-ғұрыптарының бүркеншік қасиеттерін сезінуге жол ашты. Абай отыз жасында барымтаны жойып, өзге рудың байлары мен туысқандық пен достыққа ұмтылған, жауларын сескентетін беделді қазақ атанды. Абай он төрт жасынан бастап сықақ өлеңдер шығарды. Кейін ақындық жолға түскен Абай қазақ ақындарын өнерді байдан мал қалап алуға жұмсағанын сынап, өлеңші сымақтардан аулақ ұстады.

Абайдың асылын танып, дұрыс баға берген нәрсесі жалғыз өлең емес, көп нәрсені Абай сөз қылған; сол сөздерінің бәрінде де Абайдың әр нәрсенің асылын танығаны, білгені көрінеді.

Жалпы философиялық көзқарасына келгенде, бізше, Абайда идеализмнің де, материализмнің де ізі бар сияқты.

Неге бұлай болған себебін анықтау үшін, әуелі Абайды өсірген философиялық мектептерге аз тоқтап өтейік. Абайдың екі мектебі бар: біреуі – исламдық Шығыс, екіншісі

– Батыс.

Исламдық Шығыстың әдебиетінде, әсіресе араб пен парсы әдебиетінде дін философиясы бірқыдыру орын алады. Әбуғали-Сина, имам Ғазали, имам Фараби, ибн Ғабри, ибн Тәймия сияқты мұсылман ғалымдары ислам дінінің философиясы туралы бірсыпыра кітаптар жазған. Араб пен парсы тілін жақсы білгендігі және сол тілдерде жазылған ислам дінінің теориясы және практикасы туралы кітаптарды оқығаны Абайдың шығармаларынан көрініп қалып отырады.

Екінші мектебі Батыс. Абайдың өмірбаянынан оқушылар оның Спенсерді, Льюис пен Милльлердің талқылауы арқылы Кантты, Бокльді оқығанын көреді. Прозамен жазылған Абайдың насихат, ғақлия сөздері, көп жерінде пікір жағынан да, стиль жағынан да Аристотельдің этикасына ұқсап отырады. Абай оқыған Европа философтарының тізімі бұдан әлдеқайда кең болуы мүмкін. Дін философиясында Спенсерге өте ұқсас Абай тіршілік мәселесіне келгенде, агностицизм мен рационализмге ауып кетеді. Рационализмнің бір атасы Декарт: «Мектептерде ойшылдықты оқытатын философияның орнына қазіргі күнде кәсіпшілердің кәсіптерін зерттеуіміз сияқты, біз оттың күші мен әсерін, суды, ауаны, жұлдыздарды, аспанды, басқа қоршаған табиғат тектерін оқытатын практикалық философияны қоюымыз керек», – десе, саналы адам болғаннан бастап, өмірден көзін жұмғанша Абайдың айтқаны да осы.

8. Абай ілімі бастау-көздерінің аумақтық шегі: а) отандық; ә) дүниежүзілік.

Абайдан бергі қазақ әдебиетінің беті жаңа түр тапты. Абай бұрынғы ақындардың ұстанып келе жатқан бетін тастап, тыңнан жол салды. Бұл Абайдың бұрынғы ақындардан ақыл көзінің артықтығы болды – бір; ақындығы күшті болды – екі; өлеңнің өнер екендігін білді – үш. Сонымен, Абай ешкімнен үлгі алмай, қазақ әдебиетінің бетін бұрып, мүйіс шығарды, өлеңшілікке өзгеше түр кіргізді.

Ақын Абай – кеңес халықтарының өткендегі әдебиет данышпандарының бірі. Оның есімі кешегі Пушкин, Лермонтов, Шевченко, Руставели, Низами, Новои сияқты ұлы ақындардың есімімен қатар түседі, оның шығармаларының әлеуметтік, көркемдік қуатының маңызы зор.

Абайдың әлеуметтік ой-пікірі тарихи жағдайларға бірден байланыса шықса, екінші жақтан, Ресейдің сол тұстағы әлеуметтік ой-пікірі қозғалысының да көп әсері болды. Әсіресе өзі ұстаз тұтқан Пушкиннің гуманистік пікірлері мен Лермонтовтың тұсындағы заманға деген қарсылық, наразылық және торығушылық сарындары, Салтыков-Щедриннің, Толстойдың өкіметті, әкімшілікті, дін-шіркеуді сынау, мінеу сарындары көп ықпалын тигізді.

Абай шығармаларында, алдымен, қазақ ауылындағы ескі әдет-ғұрыптың, феодалдық салт-сананың сыны айтылады, ақын осыған қарсы пікір айтады. Бұл жөнінде прогресті, жаңалықты, мәдениетті жақтап айтқан өлеңдерінен басқа да сол ескі әдет-ғұрыпты, феодалдық-рушылдық әрекеттерді мінеп жазған шығармалары көп.

Абай бүкіл дүние елдерінің мәдениеті тарихын жалпы даму жолдарын алғанда, «өзім шығыс елі едім, қала берсе мұсылман едім» деп, ислам діні дәріптеген адамдардың шашбауын көтермейді.

Мәдениетті адам баласының жалпы тарихы бағалаған Сократ, Аристотель, Пушкин, Салтыков, Толстойларды алдымен аузына алады. Тар көлемді қазақшылықтан да, діншіл мұсылманшылықтан да атын аулақ арқандайды. Мұнысы да – еуропаланған мәдениетті болған Абайдың үлгі-өрнегі. Нәр мен өрісті білімі бар батыстан іздегендігін көрсетеді.

Бұл тұста Абайдың жоғарыда айтылғандай, халық талабын терең ұғынып, көпшілік тілегінің бетімен тура көшкен ағартушы жаңашыл ақын екенін байқаймыз.

Абайдың ақындығын, басқа қасиеттерін былай қойып, тек әдеби тілімізді жасаудағы еңбегінің өзін ғана алсақ та, онда ақымыз кететін түрі жоқ.

Абай – жағдайының жағдайсыздығы тудырған, басып тұрған қараңғылық ішінен келер таңның шолпаны болып елестеп, тұнып тұрған тымырсықта келер дауылдың дауылпазы болып күңіренген адам. Бұл – өз ортасының Дантесі сияқты. Бірақ Данте – ескінің соңы, жаңаның алды еді. Орта дәуір мен ояну дәуірінің аралығындағы көпір еді. Ал Абайдың алды жоққа жуық та, арғы ғана бар; ол – соны дәуірдің басы, жаңалық желісінің шет бұршағы

сияқты. Өйткені оның төңірегі Эгей теңізі емес, Сарыарқаның шөлі де, өткені классик Рим емес, үдере көшкен қайшылық өмір ғой.

9. Абай ілімі бастау көздерінің мезгілдік шегі: а) біздің заманымызға дейінгі дәуір; ә) біздің заманымыз.

Абай араб-мұсылман мәдениетін кең зерттей отырып, Табари, Рабғұзи, Рашид ад-Дин, Бабыр, Абулғазы Баһадур хан және басқалары сияқты шығыс ғалымдарының тарихи еңбектерімен де танысты, мұсылман дінінің барлық шарифат негіздерін біліп алды. Абай Шығыс елдерінің бағзы замандағы тарихымен ғана танысып қойған жоқ, ол сонымен қатар Таяу Шығыстың өз тұсындағы мәдениетін де өте жақсы білді. Абай өзінің творчествосында араб мұсылмандарының мәдениетімен де араласқан, бірақ ол бұл мәдениетті әбден сұрыптап, жеке пайдалы жақтарын ғана алған, оның өзін де тек сол күйінде ала салмай, өзінің дүниеге көзқарасы негізінде қайта өңдеген.

Абай Құнанбаев творчествосындағы Европа жағасының белгілерін оның орыс классиктері ерекше қадірлеген ескі антикалық, ескі классикалық тарихы мен әдебиетіне анда-санда болса да, оқта-текте соғып отыруынан, бүкіл Батыс, Шығыс тарихтарын бірдей әңгіме еткен «Ескендір» жайынан әңгімелі өлең жазуынан, классиктер – Шиллер, Гете, Байрон, Мицкевичтердің кейбір өлеңдерін алғашқы рет қазақшаға аударуынан, бірсыпыра батыс романдарын әңгімелеп, ел арасына таратуынан, өзінен кейінгі жас ақындарға сыртқы өзге елдер жайында шығармалар жазуына ақыл беріп, әсер етуінен көруге болады. Бұл белгілер халқымыздың рухани тарихында мән-маңызы зор ерекше құбылыстар еді.

Ұлы гуманист ақын Абай Құнанбаев мұрасының ежелгі антикалық және элладалық тарихпен де байланысы аса қызғылықты белгілердің бірі. Эллада елінің мәдениеті мен әдебиеті адамзат дамуы тарихында ерекше орын алатыны, оларды революцияшыл пролетариаттың ұлы ұстаздары жоғары бағалағаны белгілі. «Греция мен Рим салған фундаментсіз қазіргі Европа да болмаған болар еді», – деп жазды Ф. Энгельс «Анти-Дюринг» деген еңбегінде.

Грек ойшылдарының арасынан Абайдың көбіне-көп назар аударғаны – Сократ, Платон, Аристотель. Ақын Ксенофонттың шығармаларын талай оқып, соның негізінде «Жиырма жетінші сөзін» (Сократ хакімнің сөзі) жазды.

Абай ілімі бастау көздерінің біздің заманымыздағы шегін қарастырар болсақ, оған XIX, XX, XXI ғасырлардағы алғашқы абайтанушылардың еңбектерінен бастап, бүгінде бізге таныс зерттеулер мен еңбектер қамтылады. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, К.Ысқақұлы, К.Жанатайұлы, Т.Құнанбаев, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Ғ.Тоғжанов, Е.Смаилов, І.Омаров, Н.Сауранбаев, Қ.Бекхожин, М.Бөжеев, Ғ.Мүсірепов, М.Қаратаев, Т.Нұртазин, Ә.Тәжібаев, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Марғұлан, Ш.Белгібай, С.Қирабаев, З.Қабдолов, Т.Кәкішев, М.Жолдасбеков, Т.Қожакеев, С.Әшімбаев, А.Сейдімбаев, Р.Сыздықова т.б.

10. Абай ілімі және қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы мен мәдениеті.

Қазақтың кемеңгер классик ақыны, терең ойшылы және әлеумет қайраткері Абай Құнанбайұлы – XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүріп, шығарма жазған адам. Ол кез қазақ халқының болашағы, басқа елдер қатарлы өз алдына терезесі тең, мәдениетті ел болып жасау мәселесі ерекше сөз болатын заман еді.

Патша үкіметі соғыс жорығын қолданып, шаруашылық жүзіндегі шаралар арқылы қазақ даласын емін-еркін отарлап, қазақ еңбекшілерін байлардың табанына салып берді. Қазақ халқы екі жақты құлдықтың тепкісінде қалды.

Қазақ арасында ғылым-білімнің жайылуы жалғыз хат тану ісін ғана кеңейтіп қоймай, сонымен қатар қазақ халқының өз мүддесін тану жолындағы сана-сандауын арттыратын, олардың байлар мен буржуазияның қанауынан құтылып, еркіндікте, бас азаттыққа ұмтылатын жол ашатын, сөйтіп келешекте орыс халқымен тізе қоса отырып, ең үлкен жау болған патшашылдыққа қарсы төңкерісшілдік күрес ашуға әзірлейтін игілік іс еді.

Абай өзінің ағартушылық идеялары мен армандарын ең алдымен ақын, әдебиетші

ретінде іске асырды. Бірақ Абайдың әдебиет майданындағы осы ұлы қызметі өз заманының озат идеяларынан сусын және қуат алып, қазақ әдебиетінің өмірі үшін мүлдем жаңа тарихи дәуір болды. Абайдың шығармалары қазақ әдебиетін бұрын соң болып көрмеген жаңа биік шыңға көтерді.

Абайдың өлеңдері мен қара сөздеріндегі отаршылдық құлдығы кезіндегі қазақ халқы өмірінің ең елеулі деген өзгешеліктерін суреттейді. Абай сол кездегі кейбір өзінің замандас ақындарына өзінің ақындығын, өлең-жырларын тек үш жүздің бір ұлысының не болмаса оның жеке бір әлеуметтік тобының мүддесіне арнамай, бүкіл халықтың ақыны болып жырлайды және ел өмірінің надандық пен әділетсіздіктің неше алуан жарасының аузын ашып, қалдырмай жіпке тізіп сынайды.

Абай өзінің пәлсапалық «ғақлия» сөздерінде күншілдік, алдау-арбау, өсек-өтірік, ел талау, ұсақ сұрқиялықтың, ұжданын сатудың неше алуан түрін найзаның ұшына алып әшкерелейді.

Адамның бас азаттығы мен адамгершілігіне араша болатын ғылымның жалынды үгітшісі, адамгершілік арманын дәріптеген Абай өзінің өлеңдері мен қара сөздерінде қазақ халқын өнер білім үйренуге, ғылымының игілігін меңгеріп алуға шақырады.

Абай қазақтың елдік дәстүрлері мен ауыз әдебиетін терең бағалап, қатты қадірлеген. Үлгілі ақынның барлық шығармасына негіз болған нәрселер халықтың ауыз әдебиет қазынасы, батырлық жырлары, тарихи аңыз-әңгіме және толғау өлеңдері болған.

Абай бүркіт салып, аң аулау, аттың сұлулығын мақтау, қазақтың сүйген асы қымызды жырлау сияқты тақырыптардан қашқан жоқ. Бірақ осындай тақырыптарды жырлағанда да, қазақ өміріне, қазақ ауылына мүлдем жат, оның салтына шеттен кірген жаңа, соны тақырыптарды жырлағанда да, әр кезде заманының тарихи-прогрессті идеяларының дәрежесіне жете білді.

11. Абай ілімі және Шығыс халықтарының дәстүрлі дүниетанымы мен мәдениеті.

Шығыстың бай мәдени мұраларының ең асылын таңдап ала білген, пайдасына ойдағыдай мәдениетті асыра білген қазақ ақын-жазушыларының арасында Абайдан асқаны болған жоқ. Жас ақын Абайда өзінің келешектегі кең өрісті терең пікірлі көркем ойының, бірінші нәрін сол шығыстың бас ақын-ойшылдарынан алды.

Өз дәуірінің ең өскелен, озат жақтарын қолдап, жер жүзі ақыл иелерінің алдыңғы қатарлы ойшылдарының арманы болған адамгершілікті көкसेген ұлы гуманист Абай Шығыстың Фирдауси, Навои, Низами, Фзули, Шамси, Сағдилардай елеулі ақындарын тыңдайтын. Ерте ояңған, тынымсыз ізденген ояу ойы, сергек сезімі Шығыстың ғасырлар бойғы ақындарының арасынан осылардың үздік екендіктерін ерте-ақ таниды. Кірсіз таза болған сезім алғашқы ақындық талпынысында осыларды сүйеу көрді.

Абай бұл ақындарды әбден танып, меңгере отырып, мәдениеттің, әдебиеттің биік шыңына қанат қақты. Алғашқы жас жігіт кезінде махаббат өлеңдерін Абай сол Низами, Навоиларша раубаи түрінің «аруз» өлшеулерімен де айтты. Соларша айтса, кірсіз махаббат сезімінің ғашығына толығырақ, жетіле білдірілетіндей көрінеді. Әр жолы арабтың 29 әрпінің бірінен басталатын, Абайдың 1864 жылы Шағатай, Иран ақындарына жазған, махаббат өлеңі бір жағынан сұлулық сипатына тамаша қалып тәжіп ету болса, келешек ұлы ойының өрістеп, өнуіне ең бірінші есік ашқан кітаптың қарасына айналған сыйлығы сияқты.

Өткен ұлы ақындарша жазу, болмаса солардың қозғап кеткен тақырыбына ғазалдар «Назира» жазу шығыс классиктерінің салты болған.

Абай да сол салтты өз заманының тілектеріне, өзінің ұлы арманына сәйкестіріп қолданады. Бұл жағы әсіресе, махаббат өлеңдерінде, әділдік, адамгершілікті іздеу жолына арналған, дінге көзқарастарын көрсететін шығармаларында байқалады.

Ескі суфизмнен қалған бір әсер – сұлулық құдай сипатының бірі – деп танылса, сол сұлулықты танып, оған жетілу құдайдың сипатына жетілу, сонымен қатар ең жоғарғы идеал құдайдың өзін тану, құдаймен тілдесу деп түсінген.

Махаббат тақырыбына арналған шығыс поэмаларынан Абай әсіресе таңдағаны – «Ләйлі-Мәжнүн». Мұның сүйек-саяқты сырқыратқан терең трагедиясы, өткір фантазиясы, сұлу лирикасы ақынды мықтап тартқан. Геройлардың кіршіксіз таза қасиеттері, екі жастың тек сыртқы сипаттары емес, ішкі сезімдеріндегі гармония, өрісті ойға өрлей, көркемдікті

іздеген жас көңіліне үйлесіп кетеді.

12. Абай ілімі және Батыс халықтарының дәстүрлі дүниетанымы мен мәдениеті.

Батыс әдебиеті дегенде – алдымен айтатынымыз орыс әдебиеті. Қазақ әдебиетінің ауқымына мәдениетті батыстан келген әсерді алсақ, алдымен айрықша айтатынымыз орыс әдебиеті болды.

Абай шығамасында әлеуметшілдік сарынның жаңа ағымын, туып-өсуін ең алдымен әзірлеген жағдай – сол кездегі көпшілік қоғам тұрмысының өз қалпы болады. Сол өз ортасының не күйі бар, неге мұқтаж екенін көппен бірге сезіп мұң еткен ақын, енді сондайлық әлеуметтік мазмұн сарынды сыртқа шығаратын жол, үлгі, өнеге іздейді. Осылайша іздеу жолында жүргенде, өз қауымындай қоғамдардың ортасынан шығып, елге сапалы еңбек етіп өткен ағартушы, мәдениетті, либерал, бұқарашыл ақындардың ізін, жолын көреді. Сонымен Пушкин, Лермонтов, Салтыковтың мектебіне үңіледі. Өзгерек жағдайда, өзгеше құлдық, надандық, зұлымдық қорлығында жатқан өз жұртшылығына, аналардың сарынымен бұдан өзгеше өнегелі еңбек етпекке талпынады.

Міне, Абайды Европа мектебімен, орыс әдебиетінің классик дәуірлерімен жанастырып, қабыстыратын өткел осындай қоғамдық, тарихи өткелдер болады. Мазмұн сарыны, ішкі бағыт нәрі ел тұрмысының қоғам күйінің өзіндік, анайы топырағынан шыққан сарын нәрселер болады. Соны жарыққа шығаратын түр-үлгіні ғана орыс халқының асыл қазынасынан алады.

Орыс классиктерімен Абайдың жалғасы әр алуан. Батыс Европа мен орыс жазушыларының көпшілігін ол ең әуелі көп оқып, тексеріп өтеді. Осы ретпен оқып шыққан ақын-ғалымдарының ішінде Батыс Европаның Гетесі, Шекспир, Шиллер, Гейнесі, Байрон, Бальзак, Беранжесі де болады. Европа философиясын зерттеу ретінде Спенсер, Спиноза, Декарттарды оқиды. Беріде Дарвинге қызығады.

Кейін кітапқа салынып уақиғалы шығармалар іздегенде, Батыс Европада орта ғасырда болған дін соты – инквизиция сотының зұлымдықтарын көрсететін романдарды көп тексереді. Европада әкімшілік құрған патша, король нәсілдерінің сарай тартысын білмек боп, Александр Дюма романдарын көп оқиды.

Абайдың көп көңіл бөліп, тырысып аударуларына қарағанда, ол Крылов мысалдарын зор бағалаған. Бірақ сонымен қатар өзі дәл бұл үлгі, бұл жанрдың ақыны емес. Крыловтың мысалдарын осылайша аударып, қоғамдық мін, кемшіліктерді тұспалмен ғана шенеп, ажуалап тоқтаған. Абай Пушкинге келгенде былайша жадағай күйі қанағат қылмайды. Пушкин мен Абай арасының жалғасы – мол салалы, тамыр-түбірлі болады.

13. Абай ілімінің құрамдас бөлімдері: ақыл; қайрат; жүрек.

Абай адам болмысын жан-жақты, терең тани келе, ұлы ақын өзінің «толық адам» концепциясын негіздейді. Абай іліміндегі іргелі концепциялардың бірі болып табылатын бұл ұғым рухани тұрғыдан үйлесімділікке қол жеткізген «толық адамды» насихаттайды. Ғұламаның пікірінше, әр адам өзінің рухани дамуында осындай деңгейге ұмтылуы керек. Өз бойындағы кемшілігі мен пендешілігімен күресіп, адамшылыққа ұмтылу – әрбір жанның қарапайым әрі қиын міндеті болмақ. Күнделікті тұрмыс-тіршіліктің қызығына батқан кісі имандылықтың үнін ести бере ме? Атаққа, билікке, байлыққа ұмтылған жан үшін адамшылық пен кісілік жай сөздер болып қалады, тіпті оған кедергі болады. Бірақ жаратушы құдай мен адамдарға деген саналы түрдегі таза махаббат болмаса, өз ақылын қайырымды жүрекпен тәрбиелемесе, адам өзінің рухани-адамгершілік негізін жоғалтады. Бұл ретте оның сүйенетін үш тұғыры: ақыл, қайрат, жүрек болмақ. Өкініштісі, көп пенде Абайдың «Жүрегіне сүңгі де, түбін көзде» деген ақылын ескере бермейді. адам өз жүрегіндегі ақиқат жарығын, Аллаға және өзге адамдарға деген махаббатының нұрын көре бермейді, себебі ол көбіне жүректің үніне құлақ аспай, ақыл мен қайраттың жетегінде кетеді, осыдан келіп үлкен қайшылық туады. Осы қайшылықтардың түп себебін білген хакім Абай адам мен оның болмысын тану мен тәрбиелеудің шешуші факторы ретінде «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» үштігін ұсынады.

«Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады. Білімді білсе де, арсыз, қайратсыздығынан ескермей, ұстамай кетеді. Жаманшылыққа бір елігіп кеткен соң, бойын жиып алып кетерлік қайрат қазақта кем болады», – деп, жазады. Осындағы адам баласы көбіне «ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады» деген сөзінің астарына үңіліп көрейік. Адамның миында алдымен ой пайда болып, ол қорытылып «ақылға» айналады. Абай ақыл жеткілікті болғанымен, жүректе байлау болмаса, жүзеге аса бермеуі мүмкін дегенді айтып отыр.

Абайдың айтуынша, жан жүректе жайғасқан. Жүрек қандай болса, адам да сондай. Адамның бүкіл тыныс-тіршілігі жүрек арқылы басқарылады. Жүрегі жылы, тәрбиелі болса, ондай адамның ішкі жан дүниесі де – таза; рухани жағынан жетілген адам өмірде көп қателеспей, дұрыс өмір сүре алады. Абай адам баласының бақытын оның жүрегінің тазалығымен тығыз байланыстырады.

Жүрек жақсы болуы адамның ақылды, қайратты болуымен тікелей байланысты. «Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек». Абайдың жырлауынша, адамды адам қып сақтап қалатын да, өмірдің қандай тығырықтарынан алып шығатын да – осы үш қасиет. Осы жолдарды оқығанда, «жүрек көзі ашық» алға үлкен мақсат қойып, таудай талап қылған, айтар сөзін ойланып сөйлеген, істер ісін ақылға салып істеген, өмірді, адамдарды жүрегімен сүйе білгендер ғана сұм жалғанда бақытты өмір сүре алады деген ойлар ойға келеді.

14. Абай ілімінде ақылдың алатын орны, маңызы мен мәні.

Ақылдың жалпы сипаттамасы ақынның он жетінші сөзінде беріледі, ал кейбір сипаттары басқа сөздері мен өлеңдерінде де көрініс тапқан. Оларда ақылдың қызметінің мынадай басты түрлері көрсетілген: 1) онсыз пайданы іздеуге болмайды (пайдаға сол жеткізеді); 2) онсыз залалдан қашып құтылу мүмкін емес (залалдан сол құтқарады); 3) онсыз ғылымды ұғып, үйрену жоқ (ғылымды сол ұқтырып, сол үйретеді); 4) онсыз ешнәрсе табылмайды (керектің бәрін сол табады); 5) ненің пайдалы, ненің залал екенін біледі; 6) сөзді ұғады; 7) тәңіріні сол танытады; 8) екі дүниенің жайын да сол біледі; 9) амал да, айла да содан шығады; 10) қыры көп. Енді осы сипаттарды байыптап саралағанда, Абайдың ақылды адам өмірінің басты құндылығы ретінде бағалайтыны белгілі болады.

Ақыл адамның бойынан оның мінезі арқылы көрініс береді. Ол «өзін зорға қисабламақты, залымдықты, адам өзіндей адамды алдамақты жек көреді», «мархаматты, шапағатты болмақты» оң көреді. Ақылдылардың, арлылардың, артықтардың мінезі – «надан атанбастығын, мақтаншақ атанбастығын, әдепсіз, арсыз, байлаусыз, пайдасыз, сұрамшақ өсекші, өтірікші, алдамшы, кеселді – осындай жарамсыз қылықтардан сақтанып, сол мінездерді бойына қорлық біліп, өзін ондайлардан зор есептемек». Адамзат ақылды осындай берік мінез арқылы ғана сақтай алады.

Абай:

Малда да бар жан мен тән,

Ақыл, сезім болмаса, –

дегенде, ақылдың адамға тән қасиет екенін, адамның малдан айырмашылығы оның ақылында екенін айтып отыр. Адамзат шын мен жалғанды ақылға салып қана ажырата алады. Шын мен жалғанды ажырату әділеттілік пен әділетсіздікті, жақсылық пен жамандықты, пайда мен зиянды тануға алып келеді. Шын мен жалғанды, әділеттілік пен әділетсіздікті, пайда мен зиянды айыра білу, олардың әрқайсысының өзіне тән сипаттарын білу – адамшылықтың белгісі. Ақылсыз ешнәрсе табылмайды. Ақылды сөздің өзін де «ақылмен ойлап сөйлемек».

Көптің пайдасына, елдің игілігіне жұмсалмаған ақылдың бары мен жоғы бірдей. Өзіне ақыл берілген, даналық тапқан адамға ақылының сәулесін, даналығының жарығын айналасына, елжұртына түсіру парыз. Оны орындау оңай емес.

Ақылды табу, даналыққа жету қандай қиын болса, ақылдың дегенін, даналық

кеңесін тыңдау мен ұғу да сондай ауыр іс.

«Біреу ақыл айтса, «өз білгенің – өзіңе, өз білгенім – өзіме», «кісі ақылымен бай болғанша, өз ақылыңмен жарлы бол», – деген дейміз. «Ой, тәңір-ай, кімнен кім артық дейсің!» – дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса, ұқпаймыз».

Ақын надандықтың шығу себебін тәннің құмарлығынан, жанның тәнге бағынышты болған күйінен көреді. Ондай күйдегі адамда ұлы мақсат, үлкен іс болмайды, ондай күйдегі адам «ұсақ тілеу, ептеуден ары аспайды».

Ақынның ғибрат етіп айтып отырған ойларының өмірлік тәжірибелер сабағынан шығатынын оның заманындағы және бүгінгі ақыл-парасаты бар азаматтардың түйсінугі, түсінугі анық.

15. Абай іліміндегі ақылдың сипаттары.

Абай ақылдың сипатын толық ашып көрсету мақсатында ақылды кісі мен ақылсыз кісінің парқына олардың қызығу, құмарлану үстіндегі күйі арқылы назар аударады: а) есті адам орынды іске қызығып, құмарланып, соны іздейді; ә) есер кісі орынсыз, баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмарланып, соны іздейді. Ақын осымен тоқтап қалмай, қызығу мен құмарланудан мастықтың туатынын анықтайды да, есті кісі мен есер кісінің күйін енді соған қатысты парықтайды. Ол негізсіз емес. Өйткені «мастық бойдан оғатты көп шығарып, ақылдың көзін байлайды».

Ақыл – адамның үш қасиеттерінің бірі. «Ақыл мен жан – мен өзім (...), «мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан». Ақыл – жүректің суаты. Ақылға сәуле қонады. Ақыл, сезім болмаса, жан мен тән малда да бар. Ақыл тоқтату деген болады. Ақыл тоқтамаған соң еш нәрсенің байыбына жетіп болмайды. Ақылдың кеселдері болады. Ақыл – ар мен ұяттың күзетшісі. Ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Осы қағидаларда ақылдың өзіне тән бірнеше қасиеті анықталған: а) ақыл мәңгілік (өлмейді); ә) ақылға сәуле қонады; б) ақыл қайраттан асып тұрады; в) ақыл тоқтайды; г) ақыл ар мен ұяттың күзетшісі болады; д) ақылды сақтайтын мінез деген сауыты болады; е) жүректің ақыл суаты. Ақылына сәуле қонбаған, ақылы қайраттан аспаған, тоқтамаған, ар мен ұятты күзетуге жарамаған, ақылы кеселді болған, ақылды сақтайтын мінез деген сауыты болмаған жағдайда адам хайуанша жүріп күнелтпек.

Осы қағидалардың ішінен ақыл тоқтату, ақыл тоқтамаған соң еш нәрсенің байыбына жетіп болмайтыны және ақылдың ар мен ұяттың күзетшісі екендігі туралы екі ой өзегінің орны бөлек. Бұл екеуін көркемдік-бейнелеу құралдарының ою-өрнектерінен аршып алған жағдайда, мынадай екі қағиданың жүзі ашылады: а) ақылдың тоқтатылуы, толықтығы, кемелдігі; ә) ақылдың ар мен ұятқа беріктігі. Әуелгі қағиданы Абайдың өз сөзімен айтқанда, ақыл күші туралы деп білу дұрыс. Екінші қағида ақыл күшінің алған бағытының ізгілік қасиетін сипаттайды. Сөйтіп, ақыл туралы қағидалар тобынан екі қағида ерекше дараланады: а) ақылдың күші туралы қағида және ә) ақыл күшінің алған бағытының ізгілік сипаты туралы қағида. Абай жан мен тән туралы ойларын саралай келіп, ақыл мен жанның өлмейтіні, ақыл мен жанның мәңгілік екені, адам дегеніміздің өзі ақыл мен жан екені жайында тұжырым жасайды. Соған орай: «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», – деген қағида өріп шығады. Бұл қағиданың теориялық негізі Құран қағидалары және әл-Фараби, Аристотель, Платон, Сократ секілді данышпандардың ілімімен ұштасып жатыр. Сонымен қатар ақын осы қағидасымен парапар түсетін мынадай бірнеше тұжырымды пікір негіздейді:

- а) Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?;
- ә) Мен өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан;
- б) Арттағыға сөзің мен ісің қалса,
Өлсең де, өлмегенмен боласың тең, т.б.

Берілген қағидалардағы «өлмейтұғын сөз» – ақылдың сөзі, өлмекке тағдыр жоқ «мен» – ақыл, арттағыға қалатын сөз – ақылдың сөзі, арттағыға қалатын іс – ақылдың ісі. Адамның өлмейтіні, ақылдың мәңгілігі туралы қағидалардың мәні бір болғанмен, оларды негіздеу, сөзбен өрудің амалдары, тәсілдері әртүрлі.

